

2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 6С-33/1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 қаңтарда № 7014 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9 бабының 2 тармағына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Бұланды аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 6290268,8 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 833250,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 10906,9 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 74355,0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 5371756,9 мың теңге;

2) шығындар – 6373420,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 3376,9 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 9855,5 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 6478,6 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 86529,0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 86529,0 мың теңге:

қарыздар түсімі – 9855,5 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 6478,6 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 83152,1 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 11.12.2019 № 6С-47/1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Аудандық бюджеттің кірісі келесі көздер есебінен бекітілсін:

1) салықтық түсімдер, соның ішінде:

жеке табыс салығы;

әлеуметтік салық;

мүлікке салынатын салықтар;

жер салығы;
көлік құралдарына салынатын салық;
бірыңғай жер салығы;
акциздер;
табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер;
кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар;
ойын бизнесіне салық;
мемлекеттік баж.

2) салықтық емес түсімдер, соның ішінде:
мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;
мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;
мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;
басқа да салықтық емес түсімдер;

3) негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, соның ішінде:
мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату;
жерді сату.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 18.07.2019 № 6С-43/1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгеріс енгізілді- Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 12.11.2019 № 6С-46/1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін 2775576,0 мың теңге сомасында субвенция қарастырылсын.

4. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте Макинск қаласының бюджетінен 15251,0 мың теңге сомасында бюджеттік алып қоюлардың қарастырылғаны ескерілсін.

5. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық бюджеттеріне аудандық бюджеттен берілетін 23061,0 мың теңге сомасындағы субвенциялар көлемі көзделгені ескерілсін, соның ішінде:

Вознесенка ауылдық округі 13342,0 мың теңге;

Қараөзек ауылдық округі 9719,0 мың теңге.

5-1. 8 қосымшаға сәйкес аудандық бюджетінің шығындарында 2019 жылға арналған Макинск қаласының, Бұланды ауданының ауылдық округтерінің бюджеттеріне аудандық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер қарастырылғаны ескерілсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

Ескерту. Шешім 5-1 тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 20.02.2019 № 6С-36/1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 03.05.2019 № 6С-40/1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5-2. 9 қосымшамен сәйкес аудандық бюджетінің шығындарында 2019 жылға арналған Макинск қаласының, Бұланды ауданының ауылдық округтерінің бюджеттеріне облыстық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер қарастырылғаны ескерілсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

Ескерту. Шешім 5-2-тармағымен толықтырылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 03.05.2019 № 6С-40/1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5-3. 10 қосымшаға сәйкес аудандық бюджетінің шығындарында 2019 жылға арналған Макинск қаласының, Бұланды ауданының ауылдық округтерінің бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер қарастырылғаны ескерілсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

Ескерту. Шешім 5-3-тармағымен толықтырылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 18.07.2019 № 6С-43/1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. 2019 жылға аудандық бюджетте 10000,0 мың теңге сомасында жергілікті атқарушы органның резерві қарастырылсын.

7. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте жергілікті атқарушы органға аудандық бюджеттен берілетін 10500,0 мың теңге сомасындағы трансферттер көлемі көзделгені ескерілсін, соның ішінде:

Айнакөл ауылдық округі	92,2 мың теңге;
Амангелді ауылдық округі	1000,0 мың теңге;
Алтынды ауылдық округі	850,0 мың теңге;
Ерголка ауылдық округі	1549,6 мың теңге;
Журавлевка ауылдық округі	2200,0 мың теңге;
Капитоновка ауылдық округі	1478,1 мың теңге;
Карамышевка ауылдық округі	1200,0 мың теңге;
Никольск ауылдық округі	1090,0 мың теңге;
Новобратск ауылдық округі	1040,1 мың теңге.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 12.11.2019 № 6С-46/1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. 2019 жылға аудандық бюджетте 2580929,9 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер қарастырылсын, соның ішінде:

1) республикалық бюджеттен 787518,0 мың теңге сомасында дамытуға ағымдағы нысаналы трансферттер, соның ішінде:

229861,0 мың теңге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға;

557657,0 мың теңге коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға, оның ішінде: 266372,0 мың теңге халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тұрғын үй салуға; 291285,0 мың теңге аз қамтылған көп балалы отбасылар үшін тұрғын үй салуға;

2) облыстық бюджеттен 561441,3 мың теңге сомасында дамытуға ағымдағы нысаналы трансферттер, соның ішінде:

66202,1 мың теңге бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға;

193721,1 мың теңге коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға;

204595,8 мың теңге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;

57450,0 мың теңге спорт объектілерін дамытуға;

39472,3 мың теңге жылумен жабдықтау жүйесін дамытуға;

3) республикалық бюджеттен 965033,1 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер, соның ішінде:

48932,4 мың теңге еңбек нарығын дамытуға, соның ішінде:

41357,4 мың теңге Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен: 15490,8 мың теңге ішінара еңбек ақыны субсидиялауға және жастар практикасына; 2131,6 мың теңге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге ерікті түрде қоныс аударатын адамдарға және қоныс аударуға жәрдемдесетін жұмыс берушілерге мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге, 23735,0 мың теңге NEET санатындағы жастарға және табысы аз көпбалалы отбасыларға, табысы аз еңбекке қабілетті мүгедектерге жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін гранттар;

7575,0 мың теңге Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен: жастарға және табысы аз көпбалалы отбасыларға, табысы аз еңбекке қабілетті мүгедектерге жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін гранттар;

5602,0 мың теңге үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру үшін;

6173,0 мың теңге мүгедектерді арнайы гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын көбейтуге;

401,0 мың теңге ымдау тілі мамандарының қызметін көрсетуге;

2895,0 мың теңге техникалық көмекші құралдарының (компенсаторлық) тізімін кеңейтуге;

9928,0 мың теңге халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге;

158517,0 мың теңге мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге, соның ішінде: 144602,0 мың теңге республикалық бюджеттің қаражаты есебінен; 13915,0 мың теңге Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен;

211944,4 мың теңге бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

70,0 мың теңге мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға;

32030,0 мың теңге төмен ақы төленетін қызметкерлердің жалақысының мөлшерін көтеру үшін олардың салықтық жүктемесін төмендетуге байланысты шығыстарды өтеуге;

453703,3 мың теңге мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жекелеген жалақысын көтеруге;

20463,0 мың теңге мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге;

14374,0 мың теңге аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға;

4) облыстық бюджеттен 266937,5 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер, соның ішінде:

6236,0 мың теңге мектептерде IT-сыныптарын ашуға;

50000,0 мың теңге автомобиль жолдарын жөндеуге;

38556,0 мың теңге эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге;

1713,0 мың теңге бруцеллезбен ауыратын санитариялық союға жіберілетін ауыл шаруашылығы малдарының (ірі қара және ұсақ малдың) құнын өтеуге;

17821,0 мың теңге қысқа мерзімдік кәсіби оқытуды іске асыруға;

2462,0 мың теңге қоныс аударушылар мен оралмандар үшін тұрғын үйді жалдау (жалға алу) бойынша шығындарды өтеуге;

2525,0 мың теңге еңбек нарығын дамытуға, оның ішінде: 2525,0 мың теңге NEET санатындағы жастарға және табысы аз көпбалалы отбасыларға, табысы аз еңбекке қабілетті мүгедектерге жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін гранттар;

3939,0 мың теңге Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылуының 30-жылдығына орай бір жолғы материалдық көмек төлеуге;

2500,0 мың теңге бюджеттік атқару есебінің бірыңғай ақпараттық алаңын енгізуге;

11561,9 мың теңге аз қамтылған отбасынан шыққан мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етуге;

19220,5 мың теңге аз қамтылған отбасынан шыққан мектеп оқушыларын мектеп формасымен және кеңсе тауарларымен қамтамасыз етуге;

2711,4 мың теңге мектептерге арналған оқулықтарды сатып алу және жеткізу (оның ішінде 5-7 сыныптарға өлкетану хрестоматиялар сатып алуға);

1996,0 мың теңге "Денсаулық пен тіршілік дағдыларын қалыптастыру, сонымен қатар кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу" бағдарламасын енгізуге;

640,0 мың теңге көпбалалы аналарға және көпбалалы отбасылардың балаларына жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз етуге;

55055,7 мың теңге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытуға;

50000,0 мың теңге тұрғын үйлерін төлеп немесе сатып алуға.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 11.12.2019 № 6С-47/1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге аудандық бюджеттен облыстық бюджетке қаражаттарды қайтару көзделгені ескерілсін.

10. 2019 жылға арналған аудандық бюджеттің түсіміне облыстық бюджеттен 9855,5 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттер түсетіні ескерілсін.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 11.12.2019 № 6С-47/1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджетке 4390,7 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттер бойынша негізгі қарызды өтеу және 2087,9 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттерді алдын ала төлеуге көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 12.11.2019 № 6С-46/1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға, қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың жалақыларымен және тарифтік ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкалар, облыстық мәслихатпен келісілген тізбеге сәйкес белгіленсін.

13. 2019 жылға арналған аудандық бюджеттің атқарылу процесінде секвестрлеуге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. 2019-2021 жылдарға арналған қала, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің аудандық бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 5, 6, 7 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

15. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

төрайымы

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

Бұланды ауданының
әкімі

21 желтоқсан 2018 жыл

Қ.Ташімова

Ш.Құсайынов

Ж.Нұркенов

Бұланды аудандық
мәслихатының
2018 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 6С-33/1 шешіміне
1 қосымша

2019 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 11.12.2019 № 6С-47/1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты				Сом мың теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	6290268,8
1			Салықтық түсімдер	833250,0
	01		Табыс салығы	17851,0
		2	Жеке табыс салығы	17851,0
	03		Әлеуметтік салық	442687,0
		1	Әлеуметтік салық	442687,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	286672,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	265409,0
		3	Жер салығы	5681,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	14447,0
		5	Бірыңғай жер салығы	1135,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	81472,0
		2	Акциздер	4000,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	67400,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	9594,0
		5	Ойын бизнесіне салық	478,0
	08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4568,0
		1	Мемлекеттік баж	4568,0
2			Салықтық емес түсімдер	10906,9

01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2068,9
	1 Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	211,0
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1852,0
	7 Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	5,9
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	8838,0
	1 Басқа да салықтық емес түсімдер	8838,0
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	74355,0
	01 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2922,0
	1 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2922,0
	03 Жерді және материалдық емес активтерді сату	71433,0
	1 Жерді сату	71433,0
4	Трансферттер түсімі	5371756,9
	01 Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	15251,0
	3 Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	15251,0
	02 Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5356505,9
	2 Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5356505,9

Функционалдық топ				Сума
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	6373420,9
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	328670,7
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	18728,1
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18728,1
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	134384,3
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	133794,3
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	590,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	109404,4
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	104278,9
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5125,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	31368,9
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27896,9
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	972,0

	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1600,0
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	900,0
492		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	25513,1
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14513,1
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	11000,0
493		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	9271,9
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9271,9
02		Қорғаныс	4712,6
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4712,6
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4461,0
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	251,6
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1000,0
492		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	1000,0
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1000,0
04		Білім беру	3525515,7
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3459313,6
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11991,0
	003	Жалпы білім беру	2737382,0
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	59339,4
	006	Балаларға қосымша білім беру	83501,0
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	136430,0
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	25338,6
	018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	27104,0
	022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	189,4
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	341848,9
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	36189,3
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	66202,1
	024	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	66202,1

06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	394208,5
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	5207,0
	003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	5207,0
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	381899,5
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28893,0
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	89568,4
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	168517,0
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	39,9
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	32314,0
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	454,4
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	496,2
	017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	19240,0
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	505,8
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	26799,8
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	9469,0
	054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	5602,0
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	7032,0
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	7032,0
	492	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	70,0
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	70,0
	07	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1408399,2
	123	Қаладағы аудан аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі аппараты	1752,5
	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	252,5
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1500,0
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1303091,0
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	757562,1
	004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	437682,6
	005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	39472,3
	006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	4000,0

	098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	64374,0
492		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	103555,7
	011	Шағын қалаларды жылумен жабдықтауды үздіксіз қамтамасыз ету	58355,7
	012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	1200,0
	015	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	1500,0
	018	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1500,0
	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру	41000,0
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	313280,1
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	203159,0
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7467,8
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	132724,8
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	54590,6
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	7175,8
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1200,0
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	31565,0
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9997,8
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	8190,0
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	13377,2
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	17106,1
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5823,1
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	4000,0
	007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	7283,0
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	61450,0
	008	Спорт объектілерін дамыту	61450,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	91811,8
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5415,0
	099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	5415,0
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	19442,4
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19442,4
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	11054,8
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9954,8

	006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	1100,0
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	55899,6
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13507,4
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	603,0
	005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1520,2
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	38556,0
	047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	1713,0
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	20646,0
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	11941,4
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11941,4
468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	8704,6
	001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8704,6
12		Көлік және коммуникация	78743,0
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	375,0
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, селоларда, селолық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	375,0
492		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	78368,0
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	66110,0
	037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	12258,0
13		Басқалар	31329,7
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	16600,0
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	16600,0
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	14729,7
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	10000,0
	026	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2367,5
	066	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2362,2

14		Борышқа қызмет көрсету	5,9
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5,9
	021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	5,9
15		Трансферттер	175097,7
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	175097,7
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	884,7
	024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	140652,0
	038	Субвенциялар	23061,0
	051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	10500,0
		III. Таза бюджеттік кредиттеу	3376,9
		Бюджеттік кредиттер	9855,5
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	9855,5
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	9855,5
	018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	9855,5
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	6478,6
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	6478,6
01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	6478,6
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	6478,6
		IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-86529,0
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	86529,0
		Қарыздар түсімі	9855,5
7		Қарыздар түсімі	9855,5
01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	9855,5
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	9855,5
		Қарыздарды өтеу	6478,6
16		Қарыздарды өтеу	6478,6
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	6478,6
	005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	6478,6
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	83152,1
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	83152,1
01		Бюджет қаражаты қалдықтары	83152,1
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	83152,1

Бұланды аудандық
мәслихатының
2018 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 6С-33/1 шешіміне
2 қосымша

2020 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 12.11.2019 № 6С-46/1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты				Соманың теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				Соманың теңге
Атауы				
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	3840466,0
1			Салықтық түсімдер	727157,0
	01		Табыс салығы	16275,0
		2	Жеке табыс салығы	16275,0
	03		Әлеуметтік салық	354676,0
		1	Әлеуметтік салық	354676,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	253246,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	218552,0
		3	Жер салығы	13159,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	18615,0
		5	Бірыңғай жер салығы	2920,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	92460,0
		2	Акциздер	4070,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	67400,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	20990,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	10500,0
		1	Мемлекеттік баж	10500,0
2			Салықтық емес түсімдер	24546,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1800,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1800,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	22746,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	22746,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	43875,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	43875,0
		1	Жерді сату	43875,0
4			Трансферттердің түсімдері	3044888,0
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	19993,0
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	19993,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3024895,0

	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3024895,0
--	---	-----------------------------------------	-----------

Функционалдық топ				Сома
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	3840466,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	277804,0
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	18744,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18744,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	105216,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	105216,0
